

Азаматтық авиация академиясы жанынан әскери факультет құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 маусымдағы N 717

Қазақстан Республикасының Әскери Әуе Күштері үшін жоғары білікті әскери мамандар даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Азаматтық авиация академиясы жанынан кадр офицерлерін - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери Әуе Күштері үшін "Командалық-тактикалық байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету" мамандықтары бойынша радио-электроника жөніндегі инженерлерді және Азаматтық авиация академиясында мамандықтар тізбесі бойынша дайындықтан өтетін запас офицерлерін даярлау жөніндегі әскери факультет құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының, Білім министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің келісімі бойынша:

әскери факультеттің ұйымдық-штаттық құрылымын әзірлесін;
командалық-оқытушылық құрамының, қамтамасыз ету бөлімшелерінің штатын Қазақстан Республикасының Әскери Әуе Күштері есебінен жинақталсын;
алынатын әскери мамандықты ескере отырып оқу жоспарларын, бағдарламаларын, әскери факультетке қабылдау шарттарын оқу жоспарлары мен оқу-материалдық база бағдарламаларына сәйкес әзірлеп, бекітсін.

3. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы факультетті орналастыруды қазіргі бар оқу-материалдық және техникалық базасында қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Азаматтық авиация академиясы жанындағы әскери факультетті қаржыландыруды 1996 жылға арналған республикалық бюджеттен қорғанысқа бөлінген шығыстарды көбейту есебінен жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі